

"Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 338 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 шілдедегі № 525 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 тамызда № 5569 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 346 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 27.08.2021 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 338 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5382 нөмірімен тіркелген, "Қызылординские вести", "Сыр бойы" газеттерінде 2016 жылғы 15 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша коммуналдық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысуындағы мемлекеттің 100 пайыз үлесі, сондай-ақ, мүліктік кешен ретінде кәсіпорындар жекешелендірілсін.";

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д. Ысқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қайсар" Қызылорда облыстық

футбол клубы" жауапкершілігі

шектеулі серіктестігі

директорының міндетін атқарушы

Элназаров Ж.Ш.

2016 жылғы "12" 07

"Қызылорда" Өңірлік инвестициялық орталығы" микроқаржылық ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

_____ Ерниязов С.Н.

2016 жылғы "12" 07

"Сыр Медиа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

_____ Оңғарбаев А.С.

2016 жылғы "12" 07

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "12" шілдедегі
№ 525 қаулысына

Қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы 10 ақпандағы
№ 338 қаулысымен

Бекітілген

Жекешелендірілетін коммуналдық меншіктегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысуындағы мемлекеттің 100 пайыз үлесі, сондай-ақ, мүлдіктік кешен ретінде кәсіпорындар тізбесі

№ п/п	Ұйымдар атауы	Іске асыру мерзімі	Жекешелендіру әдісі	Жекешелендіру түрі
1.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	қыркүйек 2016 жыл	Тендер	Мүлдіктік кешен ретінде
2.	"Қызылорда облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұлттық спорт түрлері және бұқаралық сауықтыру-дене шынықтыру клубы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	қыркүйек 2018 жыл	Тендер	Мүлдіктік кешен ретінде
3.	"Қайсар" Қызылорда облыстық футбол клубы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	қыркүйек 2020 жыл	Тендер	100% қатысу үлесі
4.	"Сыр медиа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	қазан 2020 жыл	Тендер	100% қатысу үлесі
5.	"Қызылорда" өңірлік инвестициялық орталығы" микроқаржылық ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	қараша 2020 жыл	Тендер	100% қатысу үлесі

